



# Ақмешіт

10 наурыз  
бейсенбі  
№19 (1824)  
2022 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

BEIJING 2022



Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА, облыс әкімі:

## «ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ»

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Өткен аптада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қалаға іргелес жатқан ауылдарды аралап, тұрғындардың өтініш тілектерін тыңдады. «Халық үшін құлақ асатын мемлекет» тұжырымы жүзеге асып жатқанына бірден-бір дәлел – «Сіздер айтқан әрбір ұсыныстарды зерделеп, жан-жақты саралап, кезек-кезеңімен шешеміз», – деген сөз. Ең алдымен Тасбөгет пен Белкөл кентіне барған аймақ басшысы ауыл тұрғындарының ұсынысына осылай жауап берді.

30 мыңнан аса тұрғыны бар Тасбөгет кентінде биылдан бастап спорттық сауықтыру кешенін салу жоспарда бар. 150 орынға арналған кешен құрылысына қажетті жұмыстарды саралап өткен облыс әкімі халықтың талап-тілегін тыңдап, жас спортшылармен де кездесті. Тұрғындар демографиялық өсіміге байланысты қазіргі емханадағы орын тапшылығы, спорттық нысан қажеттігі, жастарды жұмысқа тарту мәселесін айтты.

«Жастардың бос уақытын тиімді өткізу әрі спортпен айналысуға жағдай жасау үшін кентте спорттық сауықтыру кешенін саламыз. Ол үшін қажетті қаражат қарастырылады. Мұнан бөлек, емханадағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін физиопульмонология орталығын Талсуаттағы орталыққа көшіріп, бұл нысанды емханаға бейімдеп, жөндеу жүргізіледі. Сіздердің әрбір ұсыныстарыңызды зерделеп, жан-жақты саралап, кезек-кезеңімен шешеміз», – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Аймақ басшысы кент әкіміне жастарды жұмыспен қамту ісінде нақты алгоритм әзірлеуді және

жұмыссыз жүрген жастарды санатына қарай бөліп, оларды сұранысқа ие салаларға бейімдеу қажеттігін ескертті.

Мұнан соң облыс әкімі Белкөл кентіне барып, тұрғындармен бірге ортақ мәселелерді талқылады. Мұнда бірнеше жылдан бері темір жол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірін салу мәселесі айтылып келеді. Ұзындығы 110 метр, биіктігі 8 метрді құрайтын көпір құрылысы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Облыс әкімі көпір салу тұрғындардың қауіпсіздігі үшін өзекті екенін айта отырып, мердігер компания басшысына тиісті тапсырма жүктеді.

Ал Ақжарма ауылдық округіне қарасты Талдыарал ауылының тұрғындары ескі жатақхананы ел игілігіне пайдалану және мектеп жанынан шағын балабақша ашу мәселесін көтерді. 1965 жылы салынған 2 жатақхананың біреуінің тозығы жеткен. Оның орнына жеке кәсіпкер ғимаратты спорттық нысанға қайта бағыттауға ұсыныс білдірді. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова балалардың бұқаралық спортпен айналысуына жағдай жасау үшін



бос тұрған ғимаратты тиімді пайдалану қажеттігін айтып, ауыл әкіміне тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды. Ал мектеп жанынан балабақша ашу ұсынысы ескерілетінін жеткізді.

Аймақ басшысы Баймұрат батыр ауылының тұрғындарымен кездесіп, мәселелерін тыңдады. Ауыл ақсақалдары дәрігерлік амбулатория салу мәселесін көтеріп, көшені жарықтандыру керек екенін алға тартты. Бұл мәселеге орай аумағы 3000 шаршы метрді құрайтын амбулаторияны салу үшін өткен жылы 3,4 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілген. Қазіргі таңда құрылысты бастауға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ал электр желісін тарту үшін тиісті құжаттар әзірленген.

2 БЕТТЕ

### МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## ҰЙҚЫДАҒЫ КӨШЕТ

### Немесе көктеммен келген жылы леп

Жердің бетін үш ай бойы мұз құрсауда ұстаған қыс мезгілі аяқталып, тіршілікке қайта жаңа бітті. Енді жыл сайынғы дәстүрмен көктемнің алғашқы айы көшет егумен басталары сөзсіз. Табиғат-ана оянған мезгілде айналаны тазалау, ағаштарды бұтап, түбін өкпеу және жас шыбықтар отырғызу біздің шаһарда үрдіске айналғанына көп болды. Биыл да жақсы дәстүр одашәрі жалғасып, көктемнің лебі сезілері анық. Осы орайда біз арнайы маманнан көктемде көшеттің отырғызылғанын бастап, оның күтімі, қалай және қайда сақталатынын сұрадық. Сондай-ақ талды қалай отырғызу керектігін, нені елеп ескеруді және Сыр жеріне ыңғайлы көшетті қалай таңдау қажет екенін білдік.

Ақтілек БІТІМБАЙ

### КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗАТЫН ЖЕРДІ ДҰРЫС ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ

Көктемде отырғызылған көшеттер көп күтімді қажет етеді. «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ Орманды молықтыру, орманды өсіру және орманды пайдалану жөніндегі инженері Мейрамбек Жұмағұлов осылай дейді. Оның айтуынша, көктемде топырақтың температурасы жоғары болса, ағаш көшеттерін отырғызуға болады. Оның ішінде жеміс ағаштан түскен сары жапырақтар. Оларды өртегеннен гөрі көктемде көшет ектіңіз келген орынға шұңқыр қазып, сонда көміп тастау қажет. Өйткені шіріген жапырақтың тыңайтқыш белсенділігі малдың тезегіне пара-пар, – дейді Мейрамбек Жұмағұлов.

Иә, маманның айтуынша, ағаштың күтімі жақсы болу қажет. Ағашты отырғыздым екен деп, одан кейін қарамасаныз, еңбегіңіз еш болғаны. Өзінің бойындағы сөлімен көгергенмен, алайда уақытылы суы құйылып, әктеліп тұрмаса, ертеліп-кеші құрап қалуы не ауру жұқтыруы мүмкін.



### ҚОРДАҒЫ КӨШЕТ

## ЖЕР ДАУЫ ЖИЛЛЕП БАРАДЫ

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

«Батыр Баян» көркем фильмінің оқиғасын бәріміз жақсы білеміз. Мағжан Жұмабаев поэмасының желісімен түсірілген бұл кинода Абылай хан:

«Жігіттер, жер керек пе, жан керек пе?» деп сұрайды. Қазақ сарбаздарынан құралған жауыншыл «Жер! Жер! Жер!» деп жауап береді.

Сол заманда жаннан жерді артық қойған қазақ бүгін де жер мәселесін бәрінен биік санайды.

2 БЕТТЕ



Күні кеше ғана пара биатлоннан түреп сырғанауда Александр Герлиц қола жүлдегер атанды. Ол – еліміздің атынан аталған сайыста бақ сынаған жалғыз спортшы. Александр 10 шақырымға түреп сырғанауда жарыс жолына шыққан болатын. 32 жастағы петропавлдық спортшының бұл додадағы нәтижесі 33 мин 6,5 секундты құрады. Ол төрт атыс сызығында үш рет мұлт жіберіп, жеңімпаздан 1 минут 21,3 секундқа қалып қойды. Мәре сызығын үшінші болып қиған атлетіміз жарыс жеңімпазы атанған канадалық Марк Арендсен 1:25.6-ке қалып қойды. Күміс жүлдені украиналық Григорий Вовчинский алды. Дегенмен мұның өзі биылғы додадағы ең тәуір нәтижесі болып отыр. Яғни бұл медаль – биылғы қысқы Паралимпиадада қазақстандық спортшылардың алғашқы жүлдесі.

«Бүгінгі бәсеке айтарлықтай ауыр болды. Алайда мен салқынқандылық таныттым деп пайымдаймын. Өкінішке қарай нысана көздеу кезінде кемшіліктерге бой алдырдым. Үш мәрте мұлт кеттім. Алайда ол олькылық менің қола жүлдегер атануыма кедергі келтірген жоқ. Сөзбен айтып жеткізе алмайтын көңіл-күйде жүрмін. Мен бұл жеңісімді әжелер, арулар, аналардың мерекесіне арнаймын. Маған жанқұйер болған барлықтарыңызға зор алғысымды білдіремін», – деді спортшы жарыстан соң.

Жалпы Қазақстан спортшылары Паралимпиада ойындарына 1994 жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді. Бүгінге дейін ел қоржынына 1 алтын, 1 күміс медаль түсті. 1994 жылы 10 шақырымға классикалық мәнерде шаңғы жарысында қазақстандық Любовь Воробьева күміс алса, 2018 жылы шаңғымен жарыста Александр Колядин 1,5 шақырымға классикалық мәнерде спринт жарысында чемпион атанған еді. Енді биылғы Герлицтің салған жеңісті жолын өзгелер де жалғастырады деген үміт бар. Қазақстан атынан шыққан Сергей Усольцев, Ербол Хамитов, Денис Петренко мен Юрий Березин алдағы күндері ел намысын қорғайтын болады. Әрине, бұл төрттіктің қазіргі нәтижелері көңіл қуантарлық емес. Дегенмен 11, 12, 13 наурыз күндері айтулы аламанда бақ сынап, соңғы мүмкіндіктерін пайдаланып көрмек. «Қазақстан қоржынына тағы жүлде салына ма?» деген сауалдың жүгі осы үш күнге артылғалы тұр.

Айтпақшы, Александр қола жүлдеге қол жеткізген соң еліміз медаль енілігін құрамалар қатарына енді. Қазір Қазақстан құрамасы Австралия және Швейцариямен 17 орынды бөлісіп тұр. Медальдық есепте Қытай көш басында. Олардың енісінде 8 алтын, 8 күміс және 11 қола. Екінші орында Украина – 6 алтын, 7 күміс және 4 қола медаль. Үздік үштікті 5 алтын, 2 күміс және 6 қоламен Канада түйіндеп тұр.

Осы тұста айта кетейік, Бейжіңде өткен қысқы Олимпиада ойындары 20 ақпан күні аяқталған еді. Бұл жарыс жолында қазақстандық спортшылар бірде-бір жүлдеге қол жеткізе алмады. Көрермендер көп үміт артқан біраз спортшыларымыз жарыс жолының жартысынан сүрінсе, мәнерлеп сырғанаушыларымыз Олимпиада ойындарына мүлдем жолама ала алмады.

Осы нәтижеден кейін көп көрермен еліміздің қысқы спорт түрінің туралып қалғанына наразы болып, сының астына алған. Қазақстан Бейжің Олимпиадасына дайындыққа және қатысуға мемлекеттік бюджеттен шамамен 625 миллион теңге қаражат бөлген еді.

А.БАЙ

Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА, облыс әкімі:

# «ТҮРҒЫНДАР ҰСЫНЫСЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ»

Әрі қарай облыс әкімі Ақсуат ауылдық округіндегі Ж.Махамбетов ауылына аялдады. Он мыңға жуық тұрғыны бар ауылда газ желісін жүргізу өзекті мәселе болғалы қашан. Тұрғындар бірнеше жылдан бері «көгілдір отынға» қосу мәселесін көтеріп жүр. Ауыл ақсақалдарымен тілдескен өңір басшысы тұрғындардың талап-тілегіне орай ауылды «көгілдір отынға» қосу жұмыстары екі жылда қамтамасыз ету 67 процентке жеткенін, бір жылда бірнеше ауылға газ тарту жұмысы қарқын алғанын айтып, бұл ауылда да «көгілдір отын» қосу қолға алынатынын жеткізді. Сондай-ақ азық-түлік қорын көбейту үшін ауыл жастарын бақша дақылдарын егу ісіне белсенді түрде тарту қажеттігін айтты.

«Қосшыңырау ауылдық округіне Абай ауылына барған аймақ басшысы ардагерлермен кездесіп, мәселелеріне құлақ түрді. Ақсақалдар ауылға газ кіргізу, жастарға жұмыс көзін табу, жер үлесі секілді мәселелерді көтерді.

Облыс әкімі өңірді газбен қамтамасыз ету 67 процентке жеткенін, бір жылда бірнеше ауылға газ тарту жұмысы қарқын алғанын айтып, бұл ауылда да «көгілдір отын» қосу қолға алынатынын жеткізді. Сондай-ақ азық-түлік қорын көбейту үшін ауыл жастарын бақша дақылдарын егу ісіне белсенді түрде тарту қажеттігін айтты.

«Жасыратыны жоқ, біршама бақша өнімдерін сырттан алуға мәжбүрміз. Егер де басты қажеттіліктерімізді яғни картоп, сәбіз, жуаны шағын көлемде болсын, өз ауылымызда ексек, сыртқы нарыққа тәуелділігіміз азаяр еді. Азық-түлік қорын әр ауыл өздігінен қалыптастыруға үлес қосса, тапшылықты жоғаймыз. Жастардың да еңбектен қамтылуына жол ашар едік. Сондықтан іс бастаймын деген азаматтарды қолдаймыз», – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Басы 1-бетте

Мұнан соң облыс әкімі Қарауылтөбе мен Қызылжарма елді мекендерінде тұратын ауыл азаматтарымен кездесті. 2500-ге жуық тұрғыны бар Қарауылтөбе ауылына мәдениет үйі қажет. Ауыл тұрғындарының талап-тілектері ескеріліп, биыл 150 орындық клуб жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Аяқ су тарту үшін қажетті ұңғыма қазу мәселесі де өзекті. Қазіргі кезде Қызылжарма мен Талсуат ауылдық округінде аяқ су үшін ұңғыма қазу ісі басталды. Тұрғындармен тілдескен аймақ басшысы аяқ су, газ тарту, жолдың сапасын жақсарту сынды мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

Биыл егіс егу науқаны су тапшылығы жағдайында өтетіндіктен су арнасын тазарту жұмыстарын іске асыру маңызды. Қызылорда қаласының іргесіндегі елді мекендерді аралау барысында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова вегетация кезеңіндегі атқарылар жұмыстарды жеткізді. Сондай-ақ ауыл тұрғындарынан су лимитінің шектеулі болуына байланысты тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға шақырды.

Аймақ басшысымен пікірлескен Қызылөзек ауылының тұрғындары аяқ су мәселесіне алаңдаулы екенін жеткізді. Себебі бірнеше жылдан бері канал тазаланбағандықтан 4 ауылдық округтегі шабындық, жайылымға, көлдер жүйесіне су берілмей келеді.

Мәселені саралаған облыс әкімі тиісті каналдарда тазалау жұмыстары жүргізіліп, насос қондырғыларын орнату арқылы мәселені оңтайлы шешуге ықпал ететінін атап өтті. 4 елді мекенді жалғайтын каналдың бойындағы яғни Қарауылтөбе, Қызылжарма, Талсуат, Қызылөзек ауылдық округтеріндегі

шабындық, жайылымдық және көлдер жүйесіне су жеткізіледі. Бұл үшін облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлінді. Мұнан бөлек көлдер жүйесіне де су берілуде. Нәтижесінде Қызылөзекке қарасты Қараөзек елді мекеніндегі Жаманкөл, Талдықол, Лепірім көлдеріне су құйылуда.

Жалпы, биыл өңірде 137 дана насос алуға ұсыныс беріліп, 22 ұңғыма тазаланбақ. Оның ішінде 67 дана насос қондырғысы «Қазушар» РМҚ Қызылорда филиалы арқылы іске қосылды. Сондай-ақ Үкіметті резерві есебінен 17 каналға механикалық тазарту жүргізіледі.

Аймақ басшысы шаһарға қарасты ауылдарды аралаумен қатар қала тіршілігінде аса өзекті мәселелерді де назардан тыс қалдырмады. Қала аумағын тазалау және тұрғын үйлерді ауыз сумен қамтуда коммуналдық қызметтердің бір арнадан басқарылып, қызмет ету аясын оңтайландыру маңызды. Осы себепті де өткен жылдың соңында «Қызылорда тазалығы» ЖШС мен «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорны қызметі біріктіріліп, қайта жұмысын бастады. Дегенмен екі кәсіпорынның жұмысын жолға қоюда бірқатар мәселелер бар. Осы себепті облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Қызылорда тазалығы» ЖШС-не барып, мамандармен пікірлесіп, ортақ мәселелерді ашық талқылады. Талқылау жиынына облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Ганибек Қазантаев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жаңабаев және кәсіпорын басшылығы қатысты.

Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Ғабит Жаңабаев кәсіпорын жұмысын ілгерілету үшін жоспар жасалғанын жеткізді. Мәселен, өткен жылы екі кәсіпорын атқаратын

қызметтер бірігіп, 1590 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Дегенмен коммуналдық қызметтерді атқаратын техникалардың 77 проценті тозғандықтан, жаңа көліктегі қажеттілігі туындаған. Ал қала ішіндегі қоше тазалау жұмыстарының ауқымы кеңейгенді байланысты арнайы техникаларды дайындау аса маңызды.

Кәсіпорын жұмысын зерделеген облыс әкімі бюджет мүмкіндігіне қарай мәселені жан-жақты сараптап, техникаға қажетті қаржыны табу ісі қаралатынын жеткізді.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы ерекше жандардың орталықтарына барып, қайсар азаматтардың мәселесіне құлақ түріп, пікірлесті.

Алдымен аймақ басшысы А.Иманов көшесінде орналасқан «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігіне барды. Орталық 2014 жылы грант ұтып алып, арнайы құрал-жабдықтар сатып алған. Өз бастамаларымен алып, 16 адамды қосымша жұмысқа тартып, 30-ға тарта азаматқа қайта даярлау тігін курсын оқытып, сертификат берген.

Қазіргі таңда орталықтың жанында ашылған оқу-өндірістік кәсіпорнында тигін цехы мен картон өңдеу цехы жұмыс істеп тұр.

Мекеме төрағасының міндетін атқарушы Данияр Нұрымбетов облыс әкіміне кәсіпорындағы өндірістерді таныстырып, ғимаратты абаттандыру және қосымша құрылыс салу жұмыстарына қолдау көрсетуді сұрады. Өз кезегінде Гүлшара Әбдіқалықова қаладағы бірқатар кәсіпкерлерге орталықты жөндеу жұмыстарына көмек көрсетуге ықпал жасау қажет екенін қаперге салды.

Әрі қарай аймақ басшысы «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі құрған орталыққа келді. Арнайы орталық мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетіп, психологиялық тренингтер өткізіп, құқықтық кеңес береді. Мұнан бөлек инва-СТО, арба жөндеуді үйрету және өзге де қызметтер бар.

Бірлестік төрағасы, белсенді жас Сағатбек Синоев орталыққа жұмыс істейтін ерекше жандардың жұмысын таныстырды.

Облыс әкімі тапшынысы ерек жандардың жұмысын көріп, олардың табыды ісі мен кәсіп жасауға деген ұмтылысы көптеген азаматқа үлгі-өнегесі екенін жеткізді. Сондай-ақ олардың ұсынысын ескеріп, әрбір бастамаларын қолдайтынын айтты.

Бүгінде Қызылорданың әр аумағынан жерге таласқан халық бас көтеруде. Осыған дейін Қармақшы, Сырдария, Жанакорған аудандары тұрғындарының арызы облысқа дейін жетті. Көктем келіп, егін шаруашылығы жанданатын уақытта бұл мәселе тағы да бой көтерді. Себебі ауылдағы халық өз атындағы жерін иелене алмай жүр. Тіпті жағдайын кімге, қайда барып айтарын да білмей қалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында жайылымдық жерлердің тапшылығын шешу жолында Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктер көзбояушылыққа жол бергенін мәлімдеді. – Мен бос жатқан жайылымдық жерлерді тезірек қайтарып алып, оны ауыл тұрғындарына беруді тапсырған болатымын. Қазір халық үшін айрықша маңызды бар жұмыс жүргізіліп

аталған мәселені байыпша, қызбалыққа салмай шешім қабылдауға шақырды. – Біз үшін ең маңыздысы – ағайынның ынтымақ-бірлігі. Өздеріңіз білесіздер, әкімдік шаруалардың ішкі мәселелеріне, шешім қабылдау процесіне араласпайды. Тек түсініктеме жүргізіп, медиация тәрізін бімен шешу жолын ұсынамыз. Бүгінде үлескерлер бөлінген жер телімдеріне қанағаттанбай, бір-бірімен келісімге келе алмай отыр. Сондықтан қазіргідей қиын жағдайда тартысқа берілу орынсыз. Егін егу уақыты жақындаған тұста аяқ су тапшылығын шешу үшін бірігіп әрекет етуіміз қажет. Тағы бір мәрте ойланпай, барлығын әділетті түрде келісуге шақырамын, – деді облыс әкімі.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылордада өткен жалған атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

– 1998 жылы «Абай» агроқәсіпорны тарап, пай үлескерлер өз үлестерін алды. Осылайша біз 52 адамнан құралған «Жаппас ата» шаруа қожалығын құрдық. Сөйтіп, ауыл тұрғыны Токтар Махмұтов қожалықтың төрағасы болып сайланды. Ол кісі әлі күнге дейін арымызда бар. Баста жақсы жұмыс істеп тұрғанымен кейін қиын заманға тап болып, қожалық жұмысы тоқтады. Сол кезде пай үлескерлері Жеңіс Әбдіқалықовтың «Үміткер» шаруа қожалығына жерімді уақытша пайдалануға бердік. Ол кісі бұл жерге біраз жыл күрші екті. Біз де дивиденд сұраған жоқпыз. Бастысы, жерімдіздің бос жатпағанына қуандық. Алайда Жеңіс Әбдіқалықов дүниеден өткеннен берініз біздің жерлерім «банкрот» деп танылып, мемлекетке өтіп кетті. Заң жүзінде ол жер банкротқа өту үшін біздің келісіміміз керек емес пе? Бізге ескертпестен сыртымыздан заңсыз қол

қалмай қолымыздан келгенше жан-жақты сұрастырып, заңгерлермен кеңестік. Біздің басты мақсатымыз өзімізге тиесілі жерді қайтарып алып, өзіміз пайдалану. Алдағы уақытта 52 пай үлескерлер «Үміткер» шаруа қожалығын қайта сотқа береміз, – деді Абай ауылының тұрғыны Ақыл Әбдіғапаров.

Бүгінде осы секілді бірақ әртүрлі жағдаймен жерлерін қайтара алмай жүрген қаншама ауыл тұрғындары мұрағат ақтарып, жерінің құжатын іздеп жүр. Мұндағы ауыл тұрғындарының басты мақсаты – сырттан инвестор тартпай, өздері шаруашылықпен айналысу.

Жерін даулап жүрген тұрғындардың мәселесі бойынша Қызылорда қаласының әкімдігі де хабардар. Бүгінде бұл жағдайды қалалық жер қатынастар бөлімінің басшысы мен заңгерлері де жан-жақты зерттеуде.

байланысты шаруа қожалығы бойынша жер үлескесін пайдалануға берілген пай үлестерін қайта ресімдеу жөнінде сұрақтар туындады. Мәселен, «Кілемжайған» шаруа қожалығының (жетекшісі Тақияш Олжахан) шартты үлесінен құрылған егістік және жайылымдық мақсаттағы жер үлескесіне байланысты зерттеу жүргізіліп жатыр. Қызылорда қаласы әкімінің 2003 жылғы 4 наурыздың №1077 санды қаулысымен Абай елді мекенінде тұратын азаматтардың шартты үлесі есебінен (жер үлескерлер саны – 33 азамат) құрылған «Кілемжайған» шаруа қожалығына (жетекшісі Олжахан Тақияш) жалпы көлемі – 630 гектар, оның ішінде: егістік – 82 гектар, жайылымдық – 409 гектар, басқа алқаптары – 139 гектар жер үлескерлеріне ортақ үлесіне жер пайдалану құқығы 10 (он) жыл мерзіміге жалға беріліп, 2003 жылғы 11 сәуірге №171 санды жер үлескесін жалға беру туралы келісім-шарты әзірленген. Аталған шаруа қожалықтарға қарасты жер үлескерлерінің пайдалану мерзімі аяқталуына 3 (үш) ай мерзім қалған уақытта жалға алушы тараптан мерзімін ұзарту туралы өтініш білдіру қажет. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 37-бабы, 2-тармағында өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытта өтеуі жер пайдаланушының (жалға алушының), егер ҚР заңдарында немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 43-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 8) тармақтарында белгіленген талаптарды қоспағанда, жер үлескерінің шекаралары өзгермеген жағдайда, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингінің нәтижелері де болған кезде, осы Кодекстің 43-бабында көзделген тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасауға құқығы бар. Уақытша өтеуі жер пайдаланушы (жалға алушы) осындай шарт жасасу ниеті туралы жалға берушінің жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, өңдеу шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, онда жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті екендігі көрсетілген.

Бұл арылықта жалға алушы тараптан мерзімін ұзарту туралы өтінішін жүгін-беуіне байланысты Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 81-бабының 3-тармағы 1-тармақшына сәйкес жер үлескесіне жеке меншік құқығын немесе жер пайдалану мерзімін қайтарылуына сәйкес мемлекеттік жер қорына өтуіне байланысты қайта ресімдеуге мүмкіндік жоқ, Дегенмен жер үлескерінің пайдалану мерзімін қалпына келтіру мәселесі бойынша сот органына жүгіну қажет екендігін білдіреміз, – деді Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімінің басшысы Бекмұрат Омаров.

Р.С. «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі заңдар жүйесінде, Тәуке ханның тұсындағы «Жеті жарғыда» және бұрыннан қалыптасқан қағидаларда да жер дауын шешудің барынша тиімді жолдары қарастырылған. Бүгінде еліміздегі жер мәселесіне жүрдім-бардым қарауға болмайтынша тұрғындардың да, атқарушы биліктің де көзі анық жетті деп ойлаймыз.

# ЖЕР ДАУЫ ЖИІЛЕП БАРАДЫ

жатыр. Бірақ бұл жерде де Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктер көз-бояушылыққа жол берген. Министрлік жайылымдық жерлердің тапшылығы 6,8 млн гектарға немесе 32 процентке азайды деп мәлімет беріп отыр. Бұл шаруа қожалықтармен меморандумға қол қойуды және елді мекендердің аумағын кеңейтуді арқасында мүмкін болды. Алайда бас прокуратураның тексерісі көрсеткендей бірқатар өңірде жайылымдық жерлердің тапшылығы әлі де азаймаған. Ақмола, Атырау және Қостанай облыстарында ауыл тұрғындарына малын фермерлердің жеріне жаюға рұқсат беріледі деген жалған меморандум жасалған. Шың мәнінде, жайылымдық жер тапшылығы қағаз бетінде ғана азайған. Бұдан бөлек, аймақтар халықтың жайылымға деген сұранысын төмендетіп көрсете бастаған. Үкімет неге бұған көз жұма қарап отыр? Мұндай әрекеттер ауыл халқының наразылығын өршітпесе, кемітпейді. Үкіметке жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, осы мәселені түбегейлі шешуді тапсырамын, – деді Президент.

Кездесу барысында аймақ басшысы агроқұрылымдардағы жер дауы мәселелері туралы мәлімдеді.

Расында, соңғы кезде Сыр өңірінде жер дауы жиілеп кетті. Сөзіміз дәлелді болу үшін аймақтағы бірнеше ауданда болған жер мәселесіне қатысты жағдайды баяндай кетейік. Мәселен, жер дауы 2019 жылы Жалағаш ауданына қарасты Мәдениет ауылынан бастау алды. Ауыл тұрғындары 7 жыл бұрын инвесторға сеніп тапсырған егістік жерлерін қайтара алмай, билік пен құқық органдарына жүгінді. Анығырақ айтсақ, Мәдениет ауылының тұрғындарына егістік жер 2004 жылы 49 жылға жалға берілген. 2012 жылы елді мекеннің халқы өз үлестерін инвесторға сеніп тапсырады. Алайда халыққа тиесілі жыл сайынғы үлес бір қап күршітен әрі аспайды. Осылайша инвестордың итілігін көре алмаған тұрғындар өз жерлерін қайтарып алып, жеке қожалық құруды көздеген. Нәтижесінде Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары ауылдықтардың әзірге жер үлестерін ала алмайтынын айтқан. Себебі ол кезде облыс бойынша көптемі егіс науқаны да басталып кеткен. Өйтсе де әкімдік өкілдері дән сепмеген егістік танатары мен арендалық мақсаты сақталмайтын алқаптарды қайтарып алуға қакысы бар екенін айтты.

Одан кейін 2020 жылы Сырдария ауданына қарасты А.Тоқмағамбетов елді мекенінің тұрғындары егіс бөлінді. Жергілікті халықтың айтуынша, баста ауылға инвестор болып келген кәсіпкер енді жерді менікі деп егеленген. Бұл ауылда 1500-ге жуық ұй бар. Олардың күнкөрісі осы – жерден напқа табу. Сол кезде жергілікті 675 тұрғынның жері аталған шаруашылық иелігіне берілген. Бірақ инвестор егілген өнімді толықтай жинап алатынын айтқан. Осыған орай халық өздеріне тиесілі несібесін қайтаруды талап етті.

Сондай-ақ Қармақшы ауданына қарасты «Ш интернационал» ауылының тұрғындары да жерінің қайтарылсын талап етіп, бас көтерді. Қарапайым халық биліктен көмек сұрап, облыс әкімдігінің алдына дейін келді. Десе де олардың айтар жауабы біреу ғана. Билік жеке шаруашылықтың жұмысына араласа алмайтындығын алға тартып, ортақ келісімге келуге шақырады.



қойып жіберген. Сол кезде банкроттық іспен айналысқан Серік Тасбергенов деген кісінің айтуынша, жерді банкрот қылмаған. Өйткені жер пай үлескерлерінің екенін білген. Десе де осы жерде бір шікілік бар. Бір түсінбейтініміз, біздің жер қалай мемлекетке өтіп кетті? Кейін Жеңіс Әбдіқалықовтың ұлы Айдоус Әбдіқалықов 106 гектар жерді «Шадиєв» жеке нотариус арқылы құжатын істегіп, мұрагерлікпен атына аударып алған. Былтыр ауылға бір кәсіпкер келіп, Айдоустың жерді бізге пайдалануға беріңіздер. Біз жұмыс істеп, сіздерге дивиденд төлейміз деді. Осылайша ол кәсіпкерге сенім қат бердік. Олар жер қатынастары бөлімінен, қалалық әкімшіліктен адамдар шақыртып жан-жақты тексерді. Сөйтіп, Айдоустың құжатының заңсыз екені анықталып, Қызылорда қаласы әкімдігі сотқа берді. Нәтижесінде сот Айдоустың жерді мұрагерлік құжатының күшін жойды. Дегенмен жерді 10 жылға Айдоустың еншісіне қалдырды. Осы жерде ауыл тұрғындары өз жерлерін иелене алмай, далада қалдық. Қолымызда барлық құжаттарымыз бар. Кеше қала әкімінің орынбасары Елмұрат Рахматуллаев келгенде де осы мәселені көтерді. Ол кісі бір апта уақыт сұрады. Десе де біз де тоқтап

– Қосшыңырау ауылдық округінің жалпы жер көлемі – 40322,3 гектар құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатында табысталған жер үлескерінің жалпы көлемі – 18313,5 гектар. Бүгінде ауыл шаруашылығы мақсатында егістік және жайылымдық мақсатында жұмыс атқарып жатқан жалпы 34 шаруа қожалықтарға тиесілі көлемі – 4870,6 гектар, оның ішіндегі егістігі – 3314,01 гектар құрайтын 44 жер үлескері уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына табысталған. Қазіргі кезде жоғарыда көрсетілген шаруа қожалықтардың ішінде 695 шартты жер үлескерлерінен құралған 20 шаруа қожалығына тиесілі жалпы көлемі – 2738,6 гектардың егістігі 1533,6 гектар жер үлескерлері бар. Қызылорда қаласы әкімінің тапсырмасымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер үлескерлерін тиімді пайдалану, пайдаланылмай жатқан жер үлескерлерін мемлекет жер қорына қайтару және жаңадан жер үлескеріне беру бойынша кент және ауылдық округ тұрғындарымен тұрақты түрде құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Басы 1-бетте

## КІМДІКІ ДҰРЫС, КІМДІКІ БҰРЫС?

«Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясына Қызылорда қаласына қарасты Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары жер мәселесіне байланысты базаныларын айтуға келді. Осыған дейін облыс көлемінде көтерілген мәселе қалаға қарасты ауылдарды да айналдырды.

Сыр өңірінде өмірлік қиын жағдайға тап болған сәбилерге сая болатын мекеме бар. Мұнда туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, психикалық және денсаулық жағдайында кемістігі бар балаларға көмек көрсетіледі. Сондай-ақ баладан бас тарту қаупі бар отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «облыстық мамандандырылған балалар үйі» бас дәрігері Гүлсім Ержанованың сәбилер үйінде бүлдіршіндерді емдеу, профилактикалық оналту қызметі бар. Ал педиатр, терапевт, психолог, логопед мамандары топтасып бала денсаулығын жіті қадағалап, дер кезінде көмектеседі.



## СӘБИЛЕР ҮЙІНДЕ «ТҰЗДЫ ШАХТА» БАР

Мақаламызға арқау болған мекемеде мұнда «тұзды шахта» бөлмесі ашылды. Енді онда балалардағы бронх демікпесі, тыныс алу жолдарының созылмалы ауруларына ем жүргізілетін болады. Сонымен қатар галотерапия, иммундық жүйені жақсарту, псориаз, аллергиялық дерматит, экзема және тері аурулары емделі. Балалардың жас ерекшеліктері бойынша тұзды шахтада галотерапиялық ем қабылдау уақыттары



әр түрлі. Мәселен, 1-2 жас аралығындағы балалар үшін – 10 минут болса, 2-3 жас аралығындағы балалар үшін – 20 минут. Ал 3 жастан бастап – 30 минут болмақ. Галотерапияның 1 курсы 10-12 сеансты құрайды. Жылына 3-4 курсқа дейін алуға болады. Тұзды шахтаның сыйымдылығы 12 шаршы метр, яғни бір уақытта 5 балаға дейін ем алуға мүмкіндік бар.

Бұрын қоянжырық белгісімен туғандарды сирек кездестіретін едік. Өкінішке орай қазір туа біткен жырық ерін, қызыл иек, қатты және жұмсақ таңдай жырығымен дүниеге келетін сәбилер саны артып

облыстық балалар ауруханасында кез-келген отаны жасауға барлық мүмкіндік бар. Оған медициналық құрал-жабдықтар да жеткілікті. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы қаласындағы мықты дәрігерлермен

түрлі жаракатқа ота жасап жүрміз. Бұл салада осыған дейін білікті дәрігер Мейрамбек Асанов 72 жасына дейін жұмыс істеді. Біз оның қасында жүріп, барынша үйрендік. Қазір көбіне жол-көлік оқиғасына түскен балалардың түрлі бет-аймақ жаракатына ота жасаймыз. Сондай-ақ бетін ит тегендер де көп түседі. Сонымен қатар тіс ауруы асқынып, сүйектің қабынуы, қызыл иектің іріңдеуіне ота жасалады. Өткен жылы облыс бойынша балалар арасында бет-жақ аймағына 268 ота жасалды. Оның ішінде 152 бала тіс ауруымен түсті. Ал жоғарғы ерін жырығына отаны 4 айдан, қатты және жұмсақ таңдайға бір жарым жастан бастап жасаймыз. Алайда ота ота істегуге асығады. Бірақ бұл 10-15 минуттық емес, екі-үш сағатқа созылатын үлкен ота. Сондықтан бала 4 айға дейін салмақ қосу керек. Мұндай баланың міндетті түрде қосымша дәрті болады. Мәселен, мида, жүректе тағы сол сияқты. Алдымен соны анықтап, емдеген соң ғана ота жасаймыз. Өйткені ота кезінде түрлі асқынулар пайда болуы мүмкін. Сондықтан баланы аман сақтап қалу үшін толық зерттеуден өткізген жөн. Оған дейін таңдайына «пластина» салу керек. Баланың таңдайы ашық болған соң, ішкен-жеген тамағы мұрыннан шығады. Соның салдарынан бала аурушаң болады. Себебі таңдай түрлі вирустар, жөтелден, пневмония ауруларының асқынуынан қорғайды. Былтыр 6 жырық ерін мен 4 таңдай жырығына ота жасалды. Айта кетейік, таңдай, ерін оталарына мемлекеттен арнайы квота қарастырылған. Оны облыстық балалар ауруханасында тіркелген әрбір бала ала алады. Сондай-ақ олар мүгедектігі бар балалардың санатында жәрдемақы алады, – деді Нұртілеу Нұрланұлы.

## ЕРІН МЕН ТАҢДАЙ ЖЫРЫҒЫ: «АНАСЫ ҚОЯННЫҢ ЕТІНЕ ЖЕРІК БОЛҒАН»

отыр. Оны бірі «анасы қоянның етіне жерік болған», «жүкті кезде қоянның етіне жеуге болмайды» деген нанымды алға тартады. Тіпті Құдайдың құдіретіне балайтындар да жоқ емес. Халқымыз мұндай балаларға ерекше талант берді деп те сенген.


Әрбір ананың басты арманы – дені сау баланы дүниеге әкелу. Алайда тоғыз ай көтеріп, өмірге әкелген сәбиінің туа бітті науқасы барын көру ата-ана үшін оңай болмасы анық. Әсіресе таңдайы тесік, ерні жырық нәрестені көргенде абдырап қалары сөзсіз. Өйткені анасының омырауын емуге талпынған нәресте таңдайындағы ақаудан жасанды сүтпен ғана тамақтанады. Қандай өкінішті!

*Әрбір ананың басты арманы – дені сау баланы дүниеге әкелу. Алайда тоғыз ай көтеріп, өмірге әкелген сәбиінің туа бітті ақауы барын көру ата-ана үшін оңай болмасы анық. Әсіресе таңдайы тесік, ерні жырық нәрестені көргенде абдырап қалары сөзсіз. Өйткені анасының омырауын емуге талпынған нәресте таңдайындағы ақаудан жасанды сүтпен ғана тамақтанады. Қандай өкінішті!*

Сонымен қоянжырық неден пайда болады? Көпбейінді облыстық балалар ауруханасының бет-жақ аймағы хирургиясы бөлімшесінің хирургі Нұртілеу Қонысбайдың айтуынша, құрсақтағы сәбидің денсаулығындағы ақау жүктіліктің жиырмасыншы аптасында белгілі болады. «Осы уақыт аралығында ағзалық жүйе қалыптасады да ары қарай ол жетіледі. Ал сол кезең ішінде аяғы ауыр әйел күйзеліске түссе, тұмаудың ауыр түрлерімен ауырса немесе токсикологиялық қиындықтарға тап болса ол іштегі балаға әсер етеді. Сондай-ақ жүкті әйелдегі анемиялық әлсіздік арқылы қан құрамындағы биохимиялық белгілер балаға беріледі. Тұқым қуалаушылық деген осыдан шығады», – дейді маман.

– Бүгінде туа біткен жырық ерін, қызыл иек, қатты және жұмсақ таңдай жырығы ауруымен дүниеге келген баланың көп болуына экологиялық фактор тікелей әсер етуде. Жалпы

тығыз байланыста. Дегенмен қызылордалықтардың басым көпшілігі туа біткен жырық ерін, қатты және жұмсақ таңдай жырығына отаны үлкен калаларда жасатқанды жөн көреді. Бірақ мұндай отаға біздің аурухананың дәрігерлерінің де денгейі жетеді. Бүгінде дәрігер Маханбет Әнуарбековпен бірге беттегі



## УБЕРКУЛЕЗ: АЛАЙҒА ҚАТЕР ӨНДІРГЕН ДЕРТ

«Туберкулезге жол жоқ». Бұл – бала күнімізден естіп өскен ұран. Расында, талайға қатер төндірген дертті ауыздықтау бір кездері қиынға соқты. Жалпы туберкулез бүгінгі қоғам үшін таңсық емес. Соңғы жылдары жұқпалы аурудың құрығына ілінгендер азайып келеді. Дегенмен толықтай құтылу мүмкін болмай тұр. Сондықтан туберкулез – ешқашан күн тәртібінен түскен емес.

Қазір осыдан 10 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда еліміз бойынша ауру көрсеткіші әлдеқайда төмендеген. Атап айтсақ, Қызылорда облысының өзінде науқас саны 2 есеге азайды. Мәселен, 2012 жылы 100 мың тұрғынға шаққанда 92 процент болса, 2021 жылы 46,6 процентті құрады. Ал өлім-жітім осы 10 жылда 4,8 есеге төмендеді.

Осылайша дәрігерлердің тынымсыз ізденісі, сауатты ем-дом, осы дерттің себеп-салдарын анықтау, үгіт-насихат жұмыстары жақсы нәтижеге жеткізді. Сонда да жыл сайын 24-ші наурызда Бүкіл Әлемде Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күнін атап өтеді. Ең бастысы, ауруды асқындырмай, ерте сатысында анықтау. Дәрігерлердің айтуынша,

адам өз денсаулығына немқұрайлы қарамай, үздіксіз, емделсе бұл дерттен толық жазылады. Нәтижесінде олар жұмыс істеуге, дені сау баланы дүниеге әкелуге қабілетті. Сондай-ақ айналасындағы адамдарға қауіпсіз. Бастысы адам жақсы тамақтану керек. Жасыратын несі бар, «иттің майын, борсықтың майын ішсем, құлан-таза айығып кетемін» деген қате түсінік бар. Туберкулездің ең негізгі емі – дәрі-дәрмекті уақытылы үзбей қабылдау. Ауру асқынып тұрғанда «иттің майын ішіп жазыламын» деген үлкен қателік.

– Біздің басты мақсатымыз – соңғы үлгіде дайындалған дәрі-дәрмектермен науқастарды қысқа мерзімде емдеп, отасына қосу. Бұрын

бұл дертке шалдыққан науқасты адамдардан оқшаулайтын едік. Ал бүгінде туберкулездің жұқпайтын түрлерін ауруханаға жатқызыбай, емхана арқылы үйден емдеуге мүмкіндік бар. Әрине, баста қиындық туындағаны рас. Дегенмен әлемдік тәжірибе бойынша Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен амбулаториялық емделіп жүрген науқастың емін скайф арқылы бақылаймыз. Әрбір науқастың күнделікті барып, емханаға дәрісін ішкені жіті қадағаланады. Ал емханаға келе алмайтын жағдайда дәрігерлер науқасқа дәрісін үйіне жеткізіп бе-

реді. Осылайша емделушілер үйінде жатып, ем қабылдауда. Нәтижесі де жоқ емес. Негізгі туберкулезге жұмыссыз жүргендер, маскүнем, нашакор, қаңғыбастар шалдығады. Сондай-ақ зейнеттегі үлкен кісілер де жиі ауырады. Бір айта кетерлігі қазір туберкулездің ең ауыр түрлері азайды, – деді облыстық фтизиопульмонология орталығының директоры Өздігәбит Өзләзімұлы.

Бір қуантарлығы, соңғы жылдары балалар арасындағы өкпе ауруы да айтарлықтай төмендеген. Мәселен, былтыр 57 бала ғана есепке алынды. Бұрын саны жүзден түспейтін еді. Жалпы балалар арасындағы аурушаңдық өте күрделі мәселе. Себебі олардың 70 процентіне қарым-қатынас арқылы жұғады. Атап айтсақ, отбасының бір мүшесі ауырса, сол үйдің балаға міндетті түрде жұғады. Бір сөзбен айтқанда, ауру алыстан келмейді. Ең бастысы, ересек адамның да баланың да иммунитеті мықты болуы керек.

Сондай-ақ халық арасында бұл ауруханада жұмыс істейтін медицина қызметкерлері міндетті түрде жұқтырады деген көзқарас бар. Десе де бұл өз шындыққа жанаспайды. Соңғы жылдары жабық мекемеде дерт жұқтырғандар анықталмады.

– Медицина қызмеркерлеріне алаңдайтын ештеңе жоқ. Туберкулезді ауруханада заң шеңберінде қойылатын барлық талап сақталған. Бүгінде үй ішіндегі тәртіп күшейген. Тәртіп болмай – ем болмайды. Үй деп отырғанымыз 10-15 күн емделіп шығып кететін жиі ауруханадан айырмашылығы, науқастар айлап-жылдап жатып емделеді. Тамағы да, дәрі-дәрмегі де белгіленген мөлшерімен, мерзімімен беріліп, санитарлық талап қатты сақталып, тазалық басты орында тұрады, – деді ол.

Бір өкініштісі, коронавирус инфекциясы елге келгенінен туберкулезге қарсы «БЦЖ» екпесін салдырмайтын ата-аналар көбейген. Себебі халық арасында балаларға коронавирускқа қарсы екпені салады деген қауесет бар. Екпе салдырмаудың салдары бүгін білінбесе де, болашақта кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан дәрігерлер балаға туберкулезге қарсы екпені міндетті түрде салдыру керіні алға тартады.

Бас дәрігердің айтуынша, бүгінде емдеу нәтижесін көтеру үшін жергілікті бюджеттен әр науқасқа қаржы бөлінеді. Өткен жылдың өзінде 300 млн теңге қаржы қаралды. Алайда науқас жергілікті тұрғын болмаса, тұрақты мекен-жайы жоқ болса қаржылай көмек көрсетілмейді.



Бетті дайындаған  
Ақмарал  
ОЛЖАБАЕВА



**Дәрігерлер иммунитетті қайта қалпына келтіру үшін құнарлы тағамдарды қолдануға кеңес береді. Атап айтсақ, ет, сүт, сары май, жұмыртқа, балықпен күнделікті тамақтану керек. Ас мәзірінде міндетті түрде көкөністер болғаны дұрыс. Әрбір адам салауатты өмір салтын берік ұстанған жөн. Құнарлы және уақытылы тамақтануды әдетке айналдырсақ әлсіздікті жеңуге мүмкіндік бар.**

тура қарай алмайды. Мұндай жағдайдың соңы инфаркт, инсульт, қатерлі ісік ауруларына әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан оның алдын алу үшін сәбіз, қызанақ, жүзім, жұмыртқаның сары уызын көп қолдану керек. Сонымен қатар ағзада В1 дәруменінің аздығынан адамдарда әлсіздік байқалып, болмашы тез ашуланады. Осыған байланысты ас бұршақты, қара нанды, етті көп пайдаланған жөн. Ал «С» дәрумені ағзаны нығайтады және түрлі жағымсыз әсерлерге қарсыласуын жоғарылатады. Ол үшін ерте пісетін жемістер пайда болғанына, қоректік заттарға бай мұздатылған көкөністерді қолданған жөн.

Сонымен қатар тамақтану барысында дәруменге бай өнімдердің ас құрамында мол болуын есте ұстау қажет. Аталған мезгілде көбісінің қан қысымы көтеріледі. Басы ауырады. Тез шаршап, жүйке жұқарып, ашушаңдық көрініс береді. Әсіресе бұл жағдай орта жастағы кісілерде жиі кездеседі. Сонымен қатар қаны аз және бұрыннан сырқаты бар адамдарда басымдық сезіледі. Бұл мәселе оларда иммунитетті нығайтуға тиімді әдіс болып екен. Осыған орай дәрігерлер иммунитетті қайта қалпына келтіру үшін құнарлы тағамдарды қолдануға кеңес береді. Атап айтсақ, ет, сүт, сары май, жұмыртқа, балықпен күнделікті тамақтану керек. Ас мәзірінде міндетті түрде көкөністер болғаны дұрыс. Әрбір адам салауатты өмір салтын берік ұстанған жөн. Құнарлы және уақытылы тамақтануды әдетке айналдырсақ әлсіздікті жеңуге мүмкіндік бар. Оның ішінде адам бойына күш беретін ұлттық тағамдарды, шұбат, қымыз, айран сияқты ағарғанды жиі ішеу иммунитет күшейеді. Жасыратыны жоқ, қазір жастардың басым көпшілігі оның орнына газды сусындар мен тез дайындалатын тағамдарға үйір. Бұл дүниелер адам денсаулығына кері әсерін тигізетіні белгілі. Сондықтан «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеген» абзал.

Шыны керек, балалар жылы дегенде алдымен балалар әдебиетінің жайын айта бастадық. Қоғамда «балалар мәселесі балалар әдебиетінің мәселесімен бітпейді ғой» деген пікір де жоқ емес. Алайда бала тәрбиесі, ұлт мүддесі мен руханияты әдебиетпен байланысты екенін ескерсек, атаулы жылы балалар әдебиетіне мемлекет ерекше қолдау білдірсе деген үмітіміз бар. Әрине, балаларды қолдау, балалар әдебиетіне қамқорлық бір жылдың еншісіндегі жұмыс емес. Осы орайда бала жанындай тап-таза, нәзік тақырыпты қаламына арқау еткен балалар ақыны, педагогика ғылымдарының докторы, аудармашы Рахат Наурызбаевмен осы тақырыпта әңгімелестік. Айта кетелік, бүгінде 80-нің сегіріне таяған ақын балалар әдебиетіне берерімді беріп болдым деп отырған жоқ, әлі де жазары көп екенін айтып, компьютерге шұқшынып жазу үстінде. Қарттық шағындағы бұл еңбегін ерлікке баладық, жанкештілігіне сүйсіндік.

Ол – Сыр өңіріндегі балалар тақырыбында жазатын санаулы қаламгердің бірі. Санаулы дегеннен шығады, балалар әдебиетіндегі санаулы қаламгерлер туралы ақын Қатира Жәленова былай деп жазады: «Қаламгерлердің көбісі балаларға арнап жазуға бейім емес. Өйткені баланың өз тілімен оның арман-ойын, мінез-құлқы мен іс-әрекетін дөп басып жеткізуге шамалары келе бермейді».

Иә, балалар тақырыбына қалам тарту кез келгенің қолынан келе бермейді. Рахат апай өзі мұғалім болған соң ба, ол үшін бала жанына үңілу, бала жүрегіне жол табу қиын да болса қызық көрінді. Ғылым жолында да балалар тақырыбынан алыстамаған ғалым кейіннен балалар тақырыбында өңдіре жазды. Бүгінгі балалар әдебиетінің жай-күйі туралы әңгімелесу үшін Рахат апайды арнайылай іздеп бардық. Кейінірек баланың жанына жақын тақырып болғандықтан сауал күштеген әңгіме тегін ағытты.

Рахат НАУРЫЗБАЕВА, балалар ақыны:

## «Балалар әдебиетіне әлі де берерім аз емес»

### АДАМ БОЛҒЫМ КЕЛДІ

Қалам ұстау – қасиет. Кейбір адамдарға мұндай қасиет пен талант табиғаттан беріледі, ал кейбіріне оқу-төкумен, ізденіспен келеді. Маған жазу шеберлігі оқумен, ізденіспен келді деп ойлаймын. Өзім жастайымнан жетім қалдым. Анам мен 1,5 жасқа келгенде, әкем 12 жасымда қайтыс болған. Алайда сол замандағы ағайын-туыстың кеңпейілдігі, бауырмалдығы мені жетім бала етіп жауаптесті. Қазір сол замандағы адамдардың кеңпейілдігі әлі де басымды неміс, әлі де таңданамын. Үйдің үлкені өпкесінің қолында өстім. Ол мектепте мұғалім, күні бойы менің сабағымды қадағалауға уақыты да жоқ. Оның бір ауыз сөзі мені тәрбиеледі: «Оқсан, адам боласын». Мен адам болғым келді. Осы бір ауыз сөз санама әбден бекіп, жатсам да, тұрсам да кітаппен дос болдым. Қазақ ертегілері, батырлар жырыларын бастап, әлем әдебиетіне дейін оқыдым. Ауыл кітапханасындағы балаларға арналған кітаптың барлығын оқып тауыстым десем, артық айтқандық емес. Мен кітаппен өстім, кітаптағы кейіпкерлерді елестетіп, князь гагайып әлеміне еніп, арманды бйдім. Осы кітапқа құштарлық мені ғылым жолына әкеді. Ұстаз ретінде бала жанына үңілуді, бала жанын зерттеумен бірге, балалар тақырыбында жаза бастадым. Алайда кеш басталдым. Алғашқы тырнақалды өлеңдерім «Ленин жолы» газетіне жарияланып, белгілі ақын Асқар Тоқмағамбетов алғашқы жазып, тілектестік білдіріп, «Рахаттың өлеңдерінен көп оқытын, ізденісі байқалады» деген бір ауыз сөзі мені қанаттандырды. Осыдан кейін саналы түрде тек бір тақырыпқа, балалар тақырыбына қалам тартқанды жөн көрдім. Негізгі бір тақырыпқа бейімделген жөн. Сонда нәтиже болады.

### НАСИХАТ ЖЕТІСПЕЙДІ...

Балалар әдебиетінде жаңа шығармалар жоқ деп айта алмаймын. Жазылып жатыр, жаңа дүниелер жарыққа шығуда. Алайда насихат аз. Қазіргі заманда жазсаң да, кітап шығарсаң да өзін үшін жасап жатқандай әсерде боласың. Жақсы дүниені жазу бар да, оны кітап етіп шығару, елге жеткізу екінші мәселе. Қазіргі ақын-жазушылар үшін бұл – қиынның қиыны. Сол баяғы ән. Өзің жазасың, өз қаражатына кітап шығарасың, оны өткізесің, өзін насихаттың жасайсың. Әрине, жақсы дүниені балалар оқысын, көрсін дейсің ғой. Алайда осындай жақсы кітап шығыпты деп оны іздеп, насихаттап жатқан ешкім жоқ. Сол себепті қаламгерлер өз күнін өзі көруде. Автор қалтасынан қаржы шығарған соң кітап аз таралымын шығады. Ол бәрін жетпейді де. Сондықтан балалар әдебиетіне қолдау керек. Елдегі үлкен мәселе – балалар ақын-жазушылары, баспа және басқа да шығармашылық ұйымның арасында байланыс жоқ. Меніңше, балалар әдебиетін дамыту үшін жазушылар одағы тарапынан ерекше назар аударып, қамқорлық жасау керек. Қазір жыл басталғаны бір сен қозғалғанды. Балалар тақырыбында жазатын қаламгерлер чаты ашылып, сонда ұсынғыш-пікірлер, ортақ мәселелерді талқылап жатамыз. Демек, бір қозғалыс бар. Оған да қуанамыз.

### КӨШЕТТЕР

#### «ҰЙЫҚТАП ЖАТЫР»

«Көшеттер қалай ұйықтап жатыр?» дейтін шығарсың. Иә, олар қазір шынында ұйықтап жатыр. Себебі арнайы мұзханаға салынған. Оның жайың маман өзі айта берді.

«Өуелі дариыдан көлкіпен мұзханаға мол кылып мұз жинаймыз да оның үстіне сабан саламыз. Осыдан кейін барып күзде бір жылдық өскінді кесіп-кесіп баулап, мұздың үстіне шетінен жинай береміз. Біздің өңірде негізгі дақыл күріш қой. Ал күрішке су мамыр-маусым айларына жақын келеді. Өлгі жинаған шыбықтар мұзханада соған дейін ояңбай ұйықтап жатады. Мұзхана бізге осы үшін керек.

Өйткені онда жас тал сөлімен тұрады. Жапырақ-тамайды. Бұл уақытта жер бетіндегі ағаштар гүлдеп, көгеріп кетеді» дейді ол. Мамандар шыбықтарды жер қарықтап болған кезде, суды жіберіп, жерді ылғалдан алған соң егетін айты. Өуелі шыбықтарды екі басынан кесіп тастайды. Өйткені бас-аяғы біршама қурап қалып екен. Қалғанын бір қарыстан шауып қаламша қылады да, суғарылған жерлерге қалайды. Сол қаламшадан көшеттер өсіп шығады. Ұйқыдан ояңбай тұрғанда кезде қалаған қаламшалар жылы су мен күннен нәр алып, тез тамырлап өніп кетеді. Мысалы, ағашты осындай кезде қазып қойып, алушылар болмай жатса, мұзханаға салып тастап, сураныс болған кезде оны ояңбаған қаламшаны тапсырыс берушіге береді.

### СУАРУ

Көшетті суару – маңызды іс. Бұған айтарлықтай күтім керек. Бұл жайлы жыл бойы тұқымбақтың басында жүретін Қызылорда орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі КММ орман шебері Қайрат Рүстембеков баяндап берді.

Оның айтуынша, көшетті отырғызғаннан кейін бірінші жылы тек органикалық тыңайтқыштарды ғана пайдаланған дұрыс, минералдарды келер жылдары ақырында қоса беруге болады. Қайрат Рүстембеков көшеттерді еккен кездегі ара қауыптың міндетті түрде сақталуына қадағалау керек екенін әрі суғаруда су жиналатын шағын бөгет

жасау керектігін айтып, сондай-ақ зиянкестерден қорғау үшін ағаштың дінін әбден әктерген дұрыс.

– Бірі білсе, бірі білмейді. Көшетті отырғызған соң оны суару маңызды рөл атқарады. Үнділікті өзімің жұмысымнан айтып берейін. Мәселен, біз көктемде қаламшаны егіп, суарып, баптаймыз. Жақсы күтіліп, суарылған қаламшадан көшет болады. Сонын соны өткізесің. Ақпан айында шыбықтарды мұзханаға саламыз да көктемде қаламша етіп кесіп, қайтадан жерге орнықтырамыз. Шыққан кезде отағын отаймыз. Осылай жыл сайын баптап отырамыз. Халық та осы әдісті қолдана отырып, дұрыс күтім жасаса, ағаш жақсы өседі, – дейді Қайрат Рүстембеков.

Осы тұста орман шебері биыл 2 гектар жерді тазалап, жерін жыртып, суарып, жанадан 60 мың дана көшет егетіндерін жеткізді. Оның 20 мыңы – сыр талы болса, 20 мыңы – терек. Бұл қаламшадан шығады. Қалған 20 мыңын тұқымнан егеді. Ол сеппе түріне жатады. Оның ішінде үйеңкі, қара ағаш т.б. ағаштың түрлері бар екен.

– Биыл мұзханаға көлкіпен 12 рейс мұз тасыдық. Осы кезде мұнда 50-60 мыңдай қаламша көшеті дайын тұр. Осыны жанадан ашқан 2 гектар жерімізге көктемде су келгенде егеміз. Тұқымнан өсетін талдар мекемеде сақталады. Өйткені олар себу арқылы шығады. Мұзханада сақтауды қажет етпейді, – дейді маман.

### СЫР БОЙЫНА

#### ҚАНДАЙ АҒАШ ЕККЕН ДҰРЫС?

Сыр жеріне қандай ағаш еккен жөн деген сауалымызға білікті инженер былай жауап берді:

– Біздің жерге негізінен қара тал төзімді. Қазір «қаталың» деген ағаш шықты. Қазақша «Сән тал» дейді. Жапырақтары үлкен, иіліп өсетін, біздің жерге ығайлы, суға төзімді бұл ағаштың түрін қазір көбейтін жатырмыз. Биыл тұқымын теріп қойдық, көктемнің ортасына қарай егуді жоспарлап отырмыз. Бұларды егу де сан түрлі. Көшетті отырғызғанда оның тамыры еркін жату керек. Мәселен, терек пен сыр талына терен көмілгеннің өзі зияны жоқ. Өйткені олар қаламшамен де шыға береді. Біздің жағдайда құмды жерлерге жиде мен секеуілі жақсы шығады. Біздің климат бұлғара еш қиындық тудырмайды, – деді ол.

Маман Сыр өңірінде көшетті отырғызбас бұрын жердің құнарлы не құнарлы емесін анықтап барып екен дұрыс дейді. Егер жер сортаң, кебір болса, ол жерді біраз уақыт қосатын, тыңайтқыштармен баптау керек. Суару да өте маңызды рөл ойнайды екен.

– Көктем шыға салысымен, базар маңы бау-бақша дақылдары мен талдардың, иісі мұрын жаратын әдемі гүлдердің көшеттеріне толып кетеді. Алайда байқап қарасаныңдар, оны сатын сатушылардың барлығы бау-бақшаның қыр-сырын білмейді. Ең арғысы көшеттер мен дәннің орнын, атын алмастырып алып жатады. Қара тал бер десен, терек беріп тұрады. Өйткені олардың басым бөлігі алысатарлықпен айналысады. Қолыңызға ілінген көшетті ала салуға болмайды. Біздің аймаққа неің өсетінін әуелі біліп, сараптап алу керек. Жан-жақтан сұрастыру керек. Бізде жердің ахуалынан бөлек, экологиялық жағдай да бар. Талдардың өспей қалуы, өскенін өзінде ауру болуы, шүрті бәрі дұрыс таңдау жасамағандан болуы, – дейді М.Жәмеутылы. Халық та осы әдісті қолдана отырып, дұрыс күтім жасаса, ағаш жақсы өседі, – дейді Қайрат Рүстембеков.

Сыр өңірінде сатылатын ағаш көшеттерінің түрі саусақпен санарлық. Оның ішінде қара тал, терек, Сыр талы тағы басқалары бар. Мұндағы көшеттердің орташа бағасы – 200 теңге. Сыр талы – 120 теңге, терек – 300 теңге. Осылай кете береді.

Мейрамбек Жұмағұловтың айтуынша, биылдан бастап шөлге төзімді қара ағаштың бағасы өсуі мүмкін. Өйткені бүгінде Түркістан облысынан қара ағашқа сұраныс артқан. Маман бұрын-соңды оны көп өсіргенін, биылдан бастап жолға қойғандарын айтып.

тәрбиеші балаларға туған жер тақырыбында өлең жаттап келді тапсырады. Бұл тапсырманы ата-ана қалай орындайды? Ол үшін арнайылай кітапханаға барып, кітап ақтармайтыны белгілі. Тіпті интернеттен дұрыс іздеуді де көбі біле бермейді. «Туған жер туралы өлең» деп жазады да, интернет қандай өлең ұсынса, соның бір шумағын жұлпып алып, жаттатқызады. «Ол өлеңнің мазмұны қандай дегенде, сапалы ма, авторы кім?» деген сұрақ ешкімнің ойына келмейді де, бас қатырмайды да. Сол себепті қазақ ақын-жазушылары білмейтін, кімнің өлеңін жаттағанына мән бермейтін ұрпақ өскіп кетеді. Сондықтан балалар тақырыбында жазатын ақын-жазушылардың шығармаларын таппап, сараптап кенес беретін, әдеби оқулар, жаңа кітапты таныстырып, насихаттайтын аудан, облыс көлемінде ғылыми-сараптамалық орталық қажет деп ойлаймын. Бір қуантағын қазір уақыт талабына сай балаларға арналған кітаптар шығып жатыр. Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханаға барған сайын көріп те жұрм. Қағаз сапалы, бояуы қанық, тіпті бұддірішдер үшін «сейлейтін» кітаптар да бар. Міне, бұл да балаларды кітапқа қызықтырудың бір жолы. Баланы қызықтыру керек. Бір кітап оқып үйренген бала мұнан соң өзі үшін кітапханаға жиі келетін болады, кітап оқығысы келіп тұрады деп ойлаймын.

### АБАЙДЫ ҚАЛАЙ НАСИХАТТАСАМ ЕКЕН ДЕП ЖҰРМІН

Бүгінге дейін 20 кітабым жарыққа шықты. Олардың ішінде балаларға арналған «Бастау», «Аққозы», «Серек Серік», «Алма берсем, аласың ба?», «Ғажайып әлем», «Өуен әлемінде», «Ақ батамен өс, балам!», «Үй ішімізбен қазақша үйренеміз», «Сахнада самғаймыз» атты кішкентай оқымандарға арналған туындыларым бар. Бұл балалар әдебиетіне берерімді беріп болдым деген сөз емес. Қазір менде екі жоспар бар. Ең алдымен балаларға Абайды қалай насихаттасам екен деп ойлана келе бір кітап дайындап қойдым. Кітапқа он өлең, екі әңгіме, екі ән енгіздім. Енді суретші іздеуім керек. Әрі қарай басыпа беру, жарыққа шығару деген сияқты қиындықтары тағы бар. Қарттықтың да өз шарттары бар екен ғой. Бұрынғыдай шапқылап жүре алмайсың, бірақ әлі де үлес қосқын келеді, жақсы дүние жасағың келеді. Екінші жоспарым – балалар әдебиетіне, оның ішінде өз шығармашылығыма жанашырлық енгізу. Бұрынғы жазғандарымның барлығы балаларға өсиет ретінде жазылыпты, енді басқа қырынан жазсам деймін. Біз жаңа заманға, қазіргі балаға лайық дүние ұсынуымыз қажет. Оған ізденіс керек.

### НАУҚАНМЕН ӨТПЕСЕ ДЕЙМІН

Міне, «Балалар жылы» деп аталған бір жылдың екі айы сырғып өте шықты. Кездесулер, іс-шаралар, балалармен кездесу секілді шаралардан босмай жүрміз. Әрине, жақсы. Балалармен тығыз қарым-қатынас, пікір алмасу, олардың арманын тыңдау бізге шабыт сыйласа, балаларға авторларды танауға, шығармашылық кішкентайлардың қиялына қанат бітіретінді, кітап оқуға қызығатыны жағынан пайдалы. Әрине, мұндай іс-шаралар атаулы жылды күтпей-ақ күн тәртібінен түспеуі тиіс жұмыс тубекті ғой. Балаларға арналған байқаулар, басқа да түрлі-түрлі науқандық шаралар өте береді. Меніңше, бір жылды балалар жылына арнаған соң балалардың өзекті мәселесі шешімін табуы тиіс деп ойлаймын. Өлгінде айтып өткенімдей, балалар шығармашылығын да, балалар тақырыбында жазылған шығармаларды сараптайтын, насихаттайтын бір орталық ашылса игі іс болар еді. Қазір әндеріміз әр жерде, тойларда айтылып жүр. Алайда авторлық құқықты қорғайтын қоғам жоқ. Бәрі үнсіз. Кейде маған ақын-жазушылар бір жағалауда өз-өздері қалып қойғандай сезіледі. Тағы бір арманым – балалар театры ашылса екен деймін. Бала – тап-таза әлем. Оған бар жақсыны беру керек.

**P.S.** Кейінірек әңгімелесуде байқағанымыз, балалар жылы бала тақырыбында жазатын қаламгерлерге шабыт сыйлаған секілді. Балалар әдебиетіне соны дүние қосуға ұмтылыс, балаларға қуаныш сыйлауға ұмтылған ақын-жазушылар балалар әдебиетінің мәселесін де айтады. Қалай айтқанда да, кішкентайларға арналған жылда үлкен іс бітсе екен.

Гүлмира ДІДӘБЕКОВА

## ҰЙҚЫДАҒЫ КӨШЕТ немесе көктеммен келген жылы леп



### КӨШЕТТІ ҚАЛАЙ ОТЫРҒЫЗАМЫЗ?

Мұзханадан енді шыққан көшетті отырғызу үшін шұңқырды дұрыстап қазу керек. Шұңқырды кем дегенде бір ай бұрын дайындаған жөн. Себебі қазылған топырақ күннің жылуын бойына сіңіріп, қажетті элементтерді алып үлгереді. Қазылатын шұңқыр неғұрлым терең болса, соғұрлым жақсырақ. Әр шұңқырдың тереңдігі мен ені бір метрге жуық болғаны жөн. Отырғызу үшін де біліктігі бір метрден асытын жас өскінді таңдаған дұрыс. Сонымен қатар көшет күз ұзын болса, оның артық бұтақтарын қысқартып, қыркып тастау керек. Бұл көшеттің жақсы өсуіне айтарлықтай әсер етеді.

– Жалпы тал егетін кезде жұрт көп нәрсеге мән бермейді. Орман шаруашылығында бірталай жыл басшы болған Исмайл Мұхиддин деген ұстазым бар. Ағаш егудің қыр-сырын осы кісі үйретті. Талдың да әр бұтағы жеке бір адам сияқты. Тал жерге көміп, су құйып, әрі қарай алып кетем дегенше ауырады. Сонын әр бұтаққа толыққанды күш беруге энергиясы жетпейді. Сол үшін артық бұтақтарды кесіп, бірнеше бұтақ қалдыру керек. Бойы тым биік болса, оны да қысқарту керек» дейтін. Осы сөзі есте қалды.

Кейін тәжірибемізден байқағаным, шынында өз күшімен алып кетем дегенше көшетке біраз күтім керек екен, – дейді Мейрамбек Жәмеутылы.

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімгер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Апталығы 2 рет, сөйсеңбі, сөңбі күндері шығады. Жарияланған материалдардың нұсқалары редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтерді нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігін ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖІШ сенимгерлік басқаруындағы «Сыр желі» ЖІШ баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4258 Тапсырыс №344

Нөмірдің кезекші редакторы Айтоқын АЙТЖАНАВ